



# ТҮРПАТ- ҚАЗАЛЫ



№13  
(2392)  
Сенбі  
14 ақпан  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## АУДАН ӘКІМІ ЖЕКЕ БАЛАБАҚШАЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Қазалы ауданында 51 мектепке дейінгі білім беру ұйымы болса, оның 19-ы мемлекеттік, 16-сы жекеменшік балабақша, ал, қалған 16-сы мектеп жанынан ашылған шағын орталықтар. Аталған балабақшаларда 3734 бүлдіршін тәрбиеленуде.

Жыл басынан бері ауданда 2 жеке балабақша ашылды. Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудан орталығында ашылған «Ханшайым-1», «Рахым» жеке балабақшаларына барып,

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмысымен танысты.

Аудан басшысы алдымен жеке кәсіпкер Қуанышкүл Дәулетиярқызының «Рахым» жеке балабақшасына аялдады. 100 балаға арналған балабақшада 42 бала тәрбиеленуде. Сондай-ақ, 17 адам жұмыспен қамтылған. Ал, Жетес Ахметұлының 74 балаға арналған «Ханшайым-1» жеке балабақшасында 38 бала тәрбиеленуде. Мұнда 12 адам

тұрақты жұмыспен қамтылған.

Аудан әкімі балабақшаларда болғанда тәрбиеленушілерге жасалған жағдаймен, материалдық-техникалық базамен және санитарлық талаптардың сақталуы мен балаларға берілетін ас мәзірімен танысты.

Аудандық білім бөлімінің басшысы мен балабақша меңгерушілеріне мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру, балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада тәрбиеленуіне

басымдық беру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ, аудан басшысы еңбек адамын қолдау – әлеуметтік тұрақтылықтың басты кепілі екенін айтып, ұжым қызметкерлерінің еңбек құқықтары сақталып, қызметкерлердің айлық жалақысының уақытылы әрі толық көлемде төленуін қатаң бақылауда ұстау қажеттігін ескертті.

**Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі**

## КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА - ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖАҢҒЫРУЫ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституция жобасын халыққа кеңінен түсіндіру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Осыған орай аудандық білім бөлімінің мәжіліс залында «Конституциялық реформа — Қазақстанның саяси жаңғыруы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелдің спикерлері: Қазалы аудандық мәслихатының төрағасы Әліш Ғазиз Әлмәмбетұлы мен «AMANAT» партиясы Қазалы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Жалғасбаев Нұрғиса Жаппарбергенұлы сөз сөйлеп. Конституцияға енгізілген соңғы өзгерістердің мәні мен маңызына кеңінен тоқталып, реформаның



басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту, қоғамдық диалог мәдениетін дамыту және мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру екенін атап өтті. Жаңашыл бастамалар елдегі сая-

си жүйені жаңғыртып қана қоймай, әділетті әрі ашық қоғам қалыптастыруға негіз болатыны айтылды.

Сонымен қатар, дөңгелек үстелге қатысқан аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Желекешов, білім саласының ардагерлері:

Серік Қуанышбай, Бекетов Қадірбек, Сарқыт Ержанова және білім саласының қызметкерлері мен қоғам белсенділері ел дамуының жаңа кезеңі туралы ой бөлісті.

Дөңгелек үстел аясында 15 наурызда өтетін республикалық референдумның маңыздылығы да ерекше аталып өтті. Конституциялық реформаларды халықтық қолдау арқылы бекіту – тарихи жауапкершілік әрі елдің ертеңіне жасалған маңызды қадам екенін жеткізді.

Жиын соңында оған қатысушылар алдағы референдумда белсенді азаматтық ұстаным танытып, ел болашағы үшін маңызды шешім қабылдауға саналы түрде қатысу қажеттігін бір ауыздан қолдады.

# 1 НАУРЫЗ – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «ӨРКЕНДЕУ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

## «Өркендеу» ауылдық округі әкіміне кандидат Қуанғали Қожахмет Мүбәрақұлының ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Қуанғали Қожахмет Мүбәрақұлы 1964 жылы 14 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Аранды» ауылдық кеңесінде дүниеге келдім. 1971-1981 жылдары №104 орта мектебін оқып бітірдім.

1981 жылы Әйтекеби кентіндегі №70 кәсіптік техникалық училищесіне оқуға түстім. 1983 жылы тепловоз машинисінің көмекшісі мамандығын алдым.

1983 - 1985 жылдары Ресей Федерациясының Киров қаласында қатардағы жауынгер болып әскери борышымды өтедім. 1985-1986 жылдары Қазалы локомотив депосының тепловоз машинисінің көмекшісі, 1986-1987 жылдары Қазалы техникалық мектебінің тепловоз машинисі курсының оқушысы, 1988-1993 жыл-

дары «Өркендеу» кеңшарының егіс бригадасының есеп жүргізушісі, 1993-1997 жылдары «Өркендеу» кеңшарының бригада бухгалтері, «Өркендеу» шаруа қожалығының бас бухгалтерінің орынбасары, 1997-1999 жылдары «Ынтымақ» шаруа қожалығының, 1999-2001 жылдары «Досым» шаруа қожалығының және 2001-2003 жылдары «Өркендеу» ауылдағы №104 мектептің есепшісі қызметтерін атқардым. 2003-2009 жылдары Қазалы аудандық қаржы бөлімінің жетекші маманы, бас маманы болып жұмыс істедім. 2009-2013 жылдары «Бірлік» ауылдық округінің әкімі, 2013 жылы «Аранды» ауылдық округінің әкімі болып сайланып, 2018 жылдың қазан айынан 2022 жылдың наурыз айына дейін



Қазалы ауданының қаржы бөлімінің бас маманы, бюджет және коммуналдық меншік секторының меңгерушісі қызметтерін атқардым. 2022 жылдың наурыз айынан бастап осы кезге дейін «Өркендеу» ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келемін. Білімім жоғары. Мамандығым экономист-ұйымдастырушысы.

## «Өркендеу» ауылдық округі әкіміне кандидат Қуанғали Қожахмет Мүбәрақұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Округ тұрғандарының әлеуметтік жағдайының жақсаруына, талап-тілектерінің орындалуына, округтің көркеюі жолында адал қызмет етемін.

- Ауылдың батыс беткейінен мал суғаратын скважина қазу;

- Жылуан-1, Жылуан-2 каналдарын қазу, тазалау жұмыстарын жүргізу;

- Жанкент аулына спорт кешенін салуға (ФОК);

- Ауыл шаруашылық кооперативтерін құру;

- «Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру үшін көркейту, көгалдандыру жұмыстарын әрі қарай жандандыруға;

- Көшелерді асфальттау, жарық шамдарын орнату бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу;

- Жанкент аулының электр желілерін жаңғырту мақсатында жұмыстар жүргізу;

«Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарына 2,5

пайыздық несиені алуға қол жеткізуіне мүмкіндік жасауға;

- «АМАНАТ» партиясының «Халыққа көмек», «Бақытты отбасы»

партиялық жобалары аясында ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалауға, аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстауға, мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыруға;

Ендігі кезекте «АМАНАТ» партиясынан ұсынылған үміткер ретінде «Өркендеу» ауылдық округ әкімінің сайлауына түсіп, ауылдың одан әрі өркендеуі, гүлденуі үшін қолымнан келгенше бар күш жігерімді салып, өзекті мәселелердің оңтайлы шешім табуына жұмыс істеймін.

Бұл үшін маған Сіздердің қолдауларыңыз керек!

## «Өркендеу» ауылдық округі әкіміне кандидат Абуов Ақниет Жубаназаровичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Абуов Ақниет Жубаназарович 1989 жылы 24 қарашада Қазалы ауданы, Ақтан батыр аулында дүниеге келдім. 1996 жылы Ақтан батыр аулындағы №190 мектептің 1-сыныбына қабылданып, 2007 жылы 11 жылдық орта білім алып шықтым. 2009-2012 жылдары М.Маметова

атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінің «Мәдени ағарту жұмысы және халықтық көркемдік шығармашылық» мамандығы бойынша бітірдім. 2009 жылдың наурыз айынан бастап Ақтан батыр ауылдық клубында сүйемелдеуші болып жұмысқа қабылдандым. 2014-2015 жылдары аталмыш меке-

меде әдіскер болып қызмет істедім. Кейін Қызылорда «Болашақ» университетін «Музыкалық білім» мамандығы бойынша бітірдім. 2020 жылдың шілде айынан бастап «Ақтан батыр ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық

кәсіпорнының меңгерушісі міндетін атқарушы, 2021 жылдың қаңтар айынан бастап мекеме меңгерушісі болып қызмет атқарып келемін.

2016, 2021, 2025 жылдары мәдениет саласының біліктілікті арттыру курсына оқыдым. 2009-2025 жылдары бірнеше байқауларға қатысып, жүлделі орындармен, алғыс хаттармен, марапаттарға ие болдым. Аудандық іс-шараларда аудандық мәдениет Орталығынан құралған «Жанкент» тобында өнер көрсетіп келемін. Отбасылымын, зайыбым, 3 балам бар.

Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени – пр од ю с с е р л і к орталығының басшысының, Аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталдым.

## «Өркендеу» ауылдық округі әкіміне кандидат Абуов Ақниет Жубаназаровичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Округ күнделікті тұрмыстық тұрғындарының жағдайларын әлеуметтік жағдайының жақсарту, ауыл жақсаруына, талап-тілектерінің орындалуына, округтің көркеюі жолында адал қызмет етемін.

- Жанкент аулының электр желілерін жаңғырту мақсатында жұмыстар жүргіземін;

- Ауыл көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын, асфальттау мен жарықтандыру бойынша тиісті жұмыстарды атқаратын боламын;

- Ауыл тұрғындарының жұмыссыздық деңгейін азайтуға жұмыстар жүргіземін;

- Жанкент аулында орналасқан спорт алаңына (газонға) жөндеу жұмыстарын жүргізуге атсалысамын;

- Аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдау, тұрғындардың

күнделікті тұрмыстық жағдайларын жақсарту, ауыл шаруашылығының дамуына көмек көрсету бағытында ауыл әкімінің құзыреті шеңберінде мақсатты жұмыстар жүргізу;

Ауыл тазалығын сақтау бағытында күл-қоқыстарды арнайы орындарға шығарып, санитарлық нормаларды қатаң сақтауды ұйымдастыру;

Ауылдың әкімі болып сайлансам Сіздердің үлкен сенімдеріңізге ие бола отырып бар күш-жігерімді жоғарыда аталған жұмыстарды атқаруға жұмыс істеймін.

Менің мақсатым – «Өркендеу» ауылдық округін көркейту, ауыл тұрғындарының әлеуметтік тұрмысын жақсарту үшін еңбек ету.

# 1 НАУРЫЗ – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «ӨРКЕНДЕУ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

## «Өркендеу» ауылдық округі әкіміне кандидат Баймұрат Ақтілеу Байқадамұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Баймұрат Ақтілеу Байқадамұлы 1994 жылы 12 қыркүйекте Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Аранды» ауылдық кеңесінде дүниеге келдім. Ұлтым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын. 2001 жылы №25 орта мектептің табалдырығын аттадым. 2010

жылы №25 орта мектептің 9 сыныбын бітіріп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің жанындағы көп салалы колледжіне оқуға түсіп, 2013 жылы бітіріп шықтым. 2013-2014 жылдары А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет Үйінің заңгері және 2014–2015 жылдары сантехник болып жұмыс істедім. 2015 жылы «Болашақ» университетіне оқуға қабылданып, 2018 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша сырттай бітіріп шықтым. 2016 жылдың 6-31 мамыр айы аралығында «Аранды ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің уақытша заңгері және 2016 жылдың 8 маусымынан округ әкімі аппараттының уақытша жетекші маманы міндетін атқарушы болып қызметке қабылдандым. 2016 жылдың желтоқсан айынан 2023 жылдың 10 қаңтарына дейін «Аранды ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы, 2023 жылдың 11 қаңтарынан «Аранды» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып қызмет атқарамын.

## «Өркендеу» ауылдық округі әкіміне кандидат Баймұрат Ақтілеу Байқадамұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Мені ауылдық қалыптастыру округ әкімі етіп үшін көркейту, сайласаңыздар көгалдандыру алдағы 4 жылда; жұмыстарын әрі қарай жандандыруға; – Мал ауруларының алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру, оның ішінде кенеге қарсы шараларды өткізуге; – Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыруға; – Ауылдағы мәселелерді шешу үшін әрине қаржы керек, ауыл бюджетінің көлемі де өздеріңізге белгілі. Осы орайда, ауылға түсетін салықтық түсімдерді көбейтуге жұмыс істеймін;

– Ауыл ішіндегі электр бағаналарын жаңартуға жұмыс істеу;

– Ауыл тұрғындары арасындағы өзекті мәселе – жұмыссыздықтың санын азайтуға, бұл ретте: «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарының 2,5 пайыздық несиені алуға қол жеткізуіне мүмкіндік жасауға;

– Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, көпбалалы отбасылар мен жастарға арналған гранттар, несиелерді алып беруге сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуге;

– «Таза ауыл» мәдениетін

ҚР Конституциясының 18-бабының 1 тармағында әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройының қорғалуына құқығы бар,- деп көрсетілген. Дегенмен, қазіргі таңда адамның жеке өміріне қол сұғып, оны аңдып, қудалап, интернет кеңістігінде түрлі тәсілдермен қандай да бір әрекеттер жасау дерегі көбейіп келеді. Бұл дегеніміз сталкинг.

Сталкинг – бұл адамның жүйелі түрде қудалауға ұшырауы. Ол әртүрлі әрекеттер арқылы көрініс табуы мүмкін: қоңыраулар, әлеуметтік

желілерде аңду, қорқыту немесе интернет арқылы әрекет ету. Бұл жай ғана оғаш немесе ыңғайсыз әрекет емес. Мұндай әрекеттерге қайта-қайта хабарласу, әлеуметтік желілерде бақылау, үйі мен жұмыс орнының маңында жүру, қажетсіз сыйлықтар жіберу немесе қорқыту хабарламалары жатады. Сталкинг көбіне жәбірленушінің келісімінсіз және оның еркіндігіне қарсы жасалады. Сталкинг – бұл үлкен қауіп.

Сталкингтің бірнеше түрлері болады:

-Онлайн Сталкинг (ки-

берсталкинг) аңду, жалған ақпараттар жазу, жеке мәліметтерді тарату.

-Оффлайн Сталкинг: үйінің, жұмыс орнының маңында жиі пайда болу, артынан еріп жүру.

-Психологиялық қысым: қорқыту манипуляция, үздіксіз бақылау сезімін тудыру.

Сталкинг жасаған адамға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 115-1-бөлігімен қылмыстық жауапкершілік көзделген. Ол үшін екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, сол мөлшерде

түзеу жұмыстарына, екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Егер де сіз өзіңізге қатысты аңду, қудалауға тап болсаңыз полиция органдарына хабарла-сып көмек сұрай аласыз.

**Сауле БИШЕКОВА,**  
Қазалы ауданы  
полиция бөлімінің  
Қоғамдық қауіпсіздік  
бөлімшесінің  
Отбасылық тұрмыстық  
зорлық-зомбылыққа  
қарсы күрес  
тобының  
инспекторы,  
полиция капитаны

## СТАЛКИНГТІ ТОҚТАТ

## БАЛАЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ҰЙЫМДАРДЫ БАҚЫЛАУДЫҢ ЖАҢА ТӘРТІБІ

Қазіргі таңда балалардың қауіпсіздігі мен сапалы қызмет көрсетілуі басты басымдықтардың бірі. Осыған байланысты балаларға қызмет көрсететін ұйымдарды бақылау тетіктері жаңартылып, жаңа тәртіп енгізілуде. Бұл өзгерістер балабақшалар, білім беру орталықтары, сауықтыру лагерьлері, спорт және шығармашылық ұйымдардың қызметін тиімді әрі ашық бақылауға бағытталған.

Жаңа тәртіптің негізгі мақсаты – балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау,

көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және заң бұзушылықтардың алдын алу. Бақылау жүйесі тәуекелге негізделген тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Яғни, тексерулер ұйымның қызмет түріне, бұрын анықталған бұзушылықтарға және ықтимал қауіп деңгейіне қарай жоспарланады. Сонымен қатар, жаңа тәртіп аясында профилактикалық бақылауға ерекше мән берілуде. Мемлекеттік органдар тек жазалау шараларымен шектелмей, ұйымдарға әдістемелік көмек көрсетіп, та-

лаптарды түсіндіруге басымдық береді. Бұл тәсіл ұйымдардың өз қызметін заң талаптарына сай өз еркімен жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды жаңалық – ата-аналар мен қоғам өкілдерінің рөлін күшейту. Электронды платформалар мен кері байланыс арналары арқылы азаматтар балаларға қызмет көрсететін ұйымдардың жұмысы туралы пікір білдіріп, шағым немесе ұсыныс жолдай алады. Бұл бақылау жүйесінің ашықтығын арттырып, қоғамдық сенімді нығайтады.

Қортындылай келе, балаларға қызмет көрсететін ұйымдарды бақылаудың жаңа тәртібі – балалардың қауіпсіз, қолайлы ортада дамуына бағытталған маңызды қадам. Бұл өзгерістер ұйымдардың жауапкершілігін арттырып қана қоймай, ата-аналар мен қоғам үшін де сенімді бақылау механизмін қалыптастырады.

**Гүлвира МДУАРОВА,**  
Қазалы аудандық  
санитариялық-  
эпидемиологиялық бақылау  
басқармасының бөлім  
басшысы

## ТІЛІН ДАМЫТАТЫН ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР

Балабақша – баланың тілін, ойлау қабілетін және әлеуметтік дағдыларын дамытатын алғашқы орта. Кейбір балалардың сөйлеуі қалыптыдан ерекшеленуі мүмкін. Мұндай балаларды біз тілін дамытатын ерекше балалар деп атаймыз. Олар дыбыстарды дұрыс айтуға, сөздерді толық жеткізуге немесе өз ойларын еркін білдіруге көмекті қажет етеді.

Балабақшада балаларға ерекше қолдау көрсетіледі. Тәрбиешілер мен логопедтер балалардың жас ерекшелігіне орай ойын арқылы тіл дамыту жаттығуларын жүргізеді. Ән айту, тақпақ жаттау, сурет бойынша әңгімелесу балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Сонымен қатар, балабақшада баланың өзіне деген сенімін арттыру маңызды. Тілді дамытатын балалар басқа балалармен бірге ойнауға, қарым-қатынас жасауға ын-таландырылып, достық пен түсіністікке үйренеді. Мұндай



жылы орта баланың дамуына оң әсер етеді.

Ата-анамен бірлесіп жұмыс істеу өте маңызды. Үйде баламен жиі сөйлесіп, қарапайым жаттығулар жасап, кітап оқу оның сөйлеу қабілетін жетілдіреді.

Тілді дамытатын ерекше балаларға көрсетілген мейірім мен қолдау олардың сөйлеу дағдыларының қалыптасуына және жалпы дамуына ықпал етеді. Әр бала – ерекше, ал, дұрыс бағыт пен қамқорлық

олардың потенциалын ашады.

Балабақша тәрбиешісі – баланың ең алғашқы ұстазы. Ол баланың мінез-құлқының қалыптасуына, жақсы қасиеттерді бойына сіңіруіне үлес қосады. Тәрбиешінің ең басты қасиеті – мейірімділік пен шыдамдылық.

Тәрбиеші әр баланың қабілетін байқап, оны дамытуға көмектеседі. Ол балаларды ойын арқылы оқытып, еңбекке, тәртіпке және достыққа тәрбиелейді.

Сонымен қатар, балабақша тәрбиешісі ата-анамен тығыз байланыста болып, баланың дамуы туралы ақыл-кеңес береді. Ол баланың қауіпсіздігін қадағалап, әрдайым қамқорлық танытады.

Балабақша тәрбиешісі – баланың жүрегіне жол таба білетін, өз ісін сүйетін маман. Сондықтан тәрбиешінің еңбегі қашанда құрметке лайық.

**Лаура МАРАТҚЫЗЫ,**  
**«Рауан-1» бөбекжай**  
**балабақшасының**  
**меңгерушісі**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫНА 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІ ОҚУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Жас жігіттердің басым бөлігін әскери қызмет қызықтыратыны белгілі. Олардың қатарында «өрт сөндіруші-құтқарушы» мамандығына қызығушылық танытып жатқандар аз емес. Бұл мамандық ең игілікті деп бекер айтылмаған, себебі өрт сөндіру, адамдарды құтқару нағыз ерлік. Қиын әрі аса қауіпті жұмыс болғанымен, көптеген ер-азаматтар осы мамандықты таңдауда.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы - еліміздегі құтқарушыларды дайындайтын жалғыз жоғары оқу орны. Азаматтық қорғау

академиясының «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша күндізгі, сырттай оқу факультеті жоғары кәсіпті мамандарды даярлайды. Күндізгі оқу факультетіне оқуға түскен азаматтар әскери тәртіп (казарма) бойынша мемлекет есебінен тамақтанып, шәкіртақымен қамтамасыз етіліп, жақсы жабдықталған жатақханада тұрады. Оқуды тәмамдаған соң, түлектерге мемлекеттік үлгідегі диплом, арнайы «азаматтық қорғау» лейтенанты атағы беріледі. Түлектер әрі қарай Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі органдарында және бөлімшелерінде қызметін жалғастыру үшін жол-

дама алады. Академияның күндізгі оқу бөліміне Қазақстан Республикасының 25 жасқа дейінгі және оқу жылына дейін 17 жасқа толған, орта және жалпы орта білімі бар, әскери қызметке денсаулығы жарамды, оқуға түсерде емтиханды (физика және математика пәндерінен) жетістікпен тапсырған және сайыстан мүдәрмей өткен азаматтар қабылданады.

Академияда күндізгі оқу факультетінің оқу мерзімі 4 жыл. Бұл шұғыл әскер қызметке теңеледі. Академияның курстантары республикалық, облыстық және қалалық спорттық, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. Ұлы Отан соғысы және Ауған

соғысы ардагерлеріне арналған әскери шерулерінің тұрақты қатысушылары қатарында.

Құрметті талапкерлер, еліміздің болашағы біздің қолымызда! Дұрыс таңдау жасаңыздар.

Ескертпе: Оқуға түсуші үміткерлер толық ақпаратты Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №16 мекен-жайдағы Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінен немесе 8(72438)-22-1-51 байланыс телефонынан біле алады.

**Шапағат НҰРЖАНҰЛЫ,**  
**Қазалы ауданының**  
**Төтенше жағдайлар бөлімі**  
**бастығының міндетін**  
**атқарушы,**  
**азаматтық қорғау майоры**

## «АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Аты – жөні, әкесінің аты	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау орны, мекен –жайы	Байланыс телефоны
Жарылқап Бақытжан Дүзелбайұлы	Қазалы ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы	Бейсенбі жергілікті уақыт бойынша сағат: 16:00-18:00	Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхаммедұлы көшесі, №131	79-2-80 (6930)

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: [tooturankazaly@mail.ru](mailto:tooturankazaly@mail.ru)

Таралымы 11507 дана.